



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚАЗАҚСТАН ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТУДЕ



Транзиттік бағыттар төңірегінде қызметтердің ауқымды экожүйесін дамыту аса маңызды. Өйткені транзиттік әлеует елдің экономикалық дамуына және халықаралық бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер етеді. Сенатта өткен «Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамыту» тақырыбындағы парламенттік тыңдауда Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев осылай деп мәлімдеді.

(Жалғасы 3-бетте)

## МӘСЕЛЕ

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылуын жетілдіру мәселелеріне арналған дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға қаладағы мемлекеттік мекемелердің өкілдері, адвокаттық қауымдастық мүшелері, заң палатасының өкілдері мен сот судьялары қатысты. Кездесу барысында мемлекеттік тілдің сот ісін жүргізудегі рөлі, оны кеңінен қолдану мәселелері және қазіргі таңдағы өзекті мәселелер талқыланды.

## ТІЛ – ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

СОТ ЖҮЙЕСİNДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Дөңгелек үстелдің басты мақсаты – сот жүйесінде қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және оның мәртебесін іс жүзінде нығайту болды. Қазақстанда мемлекеттік тілдің орны заң жүзінде айқындалғанымен, оны іс жүзінде толыққанды қолдану мәселесі әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Әсіресе, сот жүйесінде қазақ тілінің қолданылу аясы тек ресми нормалармен шектелмей, нақты тәжірибеде көрініс табуы тиіс. Өйткені сот – әділдіктің айнасы ғана емес, мемлекеттік саясаттың да нақты жүзеге асатын алаңы. ҚР Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Сонымен қатар, «Тіл туралы» заңда да оның қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылуы қажеттігі нақты көрсетілген. Бұл талап сот жүйесіне де тікелей қатысты. Заң шығару, іс жүргізу және ресми құжат айналымы – мемлекеттің негізгі тіректері.

Кездесу барысында қатысушылар Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарында мемлекеттік тілдің қол-

данылу аясын кеңейту жолдарын талқылап, нақты ұсыныстарын ортаға салды. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелеу және мемлекеттік тілдің рөлін күшейту қажеттігі ерекше атап өтілді.

Жиынды сот төрағасы Т.А. Төлегенов ашты. Ол өз сөзінде мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі маңыздылығына тоқталып, қазақ тілін сот ісін жүргізуде кеңінен қолдану – құқықтық мемлекеттің негізгі талаптарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ, бұл бағыттағы жұмыстар азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттыруға және құқықтарының толық әрі түсінікті қорғалуына ықпал ететінін жеткізді. Төраға қазіргі таңда сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейі біртіндеп артып келе жатқанын, алайда бұл бағыттағы жұмысты жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін айтты. Оның пікірінше, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тек сот органдарының ғана емес, жалпы құқықтық қауымдастықтың ортақ міндеті.

(Жалғасы 6-бетте)

## СҰХБАТ

Аида БАЙТУРОВА,

Түркістан облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

## «ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ФИЛОСОФИЯСЫН ӨЗГЕРТТІ»

2021 жылы қолданысқа енгізілген Әкімшілік әділет институты – мемлекеттік органдардың, яғни, әкімдіктер мен министрліктердің, басқа да органдардың заңсыз шешімдері мен әрекеттерінен азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын сот арқылы қорғауды мақсат тұтқанды. Нақтырақ айтқанда, билік пен қарапайым халық арасындағы жария-құқықтық дауларды шешу, мемлекеттік аппараттың өз өкілеттігін теріс пайдалануын шектеу болды.

Міне, осы институттың жұмыс істеп жатқанына биыл бес жыл толмақ. Жаңа институт өз мақсатын орындай алып жатыр ма, нәтиже қандай? Осы және өзге де сауалдар төңірегінде Түркістан облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы **Аида Байтурованы** өңімізге тартқан едік.

– *Аида Нәбиқызы, «Бұл әл бұрынғы әннен өзгерек...», – деп Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлағандай, өзіндік өзгешелігімен тәжірибеге енгізілген Әкімшілік әділет институтының басты ерекшелігі неде?*

– Әкімшілік әділет – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асырылған институт. Жаңа жүйенің басты ерекшеліктері ретінде ең алдымен теңсіздікті жою әдісін айтуға болады. Яғни, сотта мемлекеттік орган өз әрекетінің заңдылығын өзі дәлелдеуі тиіс. Сондай-ақ, сот істі қарау барысында өз бастамасымен қосымша дәлелдер жинай алады. Қарсы тарап мемлекеттік органдардың шешімдеріне, әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдана алады.

Қарапайым тілмен айтқанда, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс арқылы жүзеге асырылатын бұл институт азаматтарды және бизнесті мемлекеттік құрылымдардың әрекетсіздігі мен құқықтарын асыра пайдаланудан қорғайтын, олар-

дың «мемлекеттік машинаға» қарсы құқықтық тұрғыдан күресуіне мүмкіндік беретін сот механизмі.

Жалпы, бұған дейін мемлекеттік мекемелермен жария даулар қолданыстағы Азаматтық процессуалдық кодекс аясында шешіліп келгенді. Оның тәртібі бойынша азамат мемлекеттік органның әрекетіне қатысты талап-арзын бергеннен кейін мекеменің заңға қайшы әрекетін өзі дәлелдеуі тиіс болатын.

Бұл кезде жеке азаматқа қарағанда күші басым, мүмкіндігі мол мемлекеттік мекемелер де әрекетсіз отырмайтыны түсінікті. Ал, судья заң бойынша – бейтарап, алдын ала ештеңе айта алмайды. Жаңа кодекс осы олқылықтың орнын толтыруға жұмыс істеуде.

– *Жаңа механизм бойынша жұмыс істеп жатқандарыңызға бес жыл толғалы отыр, нәтиже көрсетіп жатқан да болар?*

(Жалғасы 5-бетте)

4-БЕТ



Шығарма  
авторларының  
құқығы қорғалады

6-БЕТ



Түлеген,  
түрленген аудан

8-БЕТ




Өңдеу  
өнеркәсібінде  
өсім бар

**ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТКЕ – 5 ЖЫЛ**

**ӘКІМШІЛІК СОТ ТӨРЕЛІГІНІҢ  
ПРИНЦИПТЕРІ ҚАНДАЙ?**

Қазақстандық сот жүйесінің заңдылық нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған ережелер мен принциптер Конституциямен нақтыланған. Ал әкімшілік сот төрелігі көзінде қолданылуы тиіс жалпы принциптер қандай?



Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 2-тарауында қамтылған қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Осы қағидаттарды бұзу әкімшілік актілер мен әкімшілік әрекет пен әрекетсіздікті заңсыз деп тануға, сондай-ақ, шығарылған сот актілерінің күшін жоюға алып келеді.

Заңдылық қағидаты Конституция мен конституциялық заңдарға, ӘРПК-ге, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, қолдануға болатын халықаралық шарттардың талаптарына негізделген. Яғни, соттар әкімшілік істерді қарап, шешуде аталған құжаттар талабын сақтауға міндетті. Әділдік қағидатына сәйкес, әкімшілік орган, лауазымды адам, сот болсын әкімшілік істі қарауда нақтылық пен бейтараптықты сақтап, қос тарапқа істің мән-жайын жан-жақты зерттеуге теңдей мүмкіндік береді. Заңда немесе екі жақтың келісімінде тиісті мәселенің сотпен шешілетіні көзделсе, сот оларды шешуде әділдік пен ақылға қонымдылық өлшемшартын негізге алады.

Тоғызыншы бапта айқындалғандай, әркім өзінің бұзылған немесе дау айтылатын құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауда ӘРПК-де

белгіленген тәртіпте әкімшілік органға, лауазымды адамға немесе сотқа жүгіне алады. Заңмен өзгеше көзделмеген жағдайда жолданым дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі сақталғаннан кейін беріледі. Мөлшерлестік қағидаты әкімшілік орган мен лауазымды адамның әкімшілік қалауды жүзеге асыруында әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүддесінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Осы ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет пен әрекетсіздік мөлшерлес болуы тиіс.

Әкімшілік орган мен лауазымды адам жүзеге асыратын әкімшілік қалау ел заңнамасында белгіленген шектен аспауы керек. Әкімшілік рәсімдер туралы заңда кездесетін барлық күмән-қайшылық, көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі. 13-бапта нақтыланғандай, әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіне деген сенімі ел заңдарымен қорғалады.

Формальды талаптарды теріс пайдалануға ӘРПК-де тыйым салынған. Мәселен, әкімшілік орган қызметкерлері немесе лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартпауы тиіс. Яғни,

рәсімге қатысушы құқығын шектеуге, оған қандай да бір міндет жүктеуге тыйым салынады.

Анықтық презумпциясына қатысты айтсақ, әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар мен құжаттардың, мәліметтердің, объектілердің әкімшілік органдар, лауазымды адамдар тарапынан дұрыс еместігі нақты белгіленбейінше анық деп есептеледі. Олардың төлнұсқа екеніне күмән туған жағдайда тексеру, яғни, анықтау міндеті әкімшілік органдар мен лауазымды адамдарға жүктелген.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік актілердің біркелкілігі (15-1 бап) нормасының қолданысқа енгеніне бір жарым жылдан асты. Мысалы, әкімшілік органдардың әкімшілік рәсімдердің біркелкілігін қалыптастыру жөніндегі тәртібін ел Үкіметі белгілейді.

Әкімшілік сот төрелігі принциптерінің ішінде соттың белсенді рөлін ерекше атауға болады. Өйткені, әкімшілік сот ісі соттың белсенді рөлінің негізінде жүргізіледі. ӘРПК-нің 16-бабында бекітілген қағидат судьяға тараптар ұсынған дәлелмен шектелмей, істің мән-жайын анықтау үшін қосымша дәлелдемелерді өз бастамасымен талап ету, сондай-ақ, әкімшілік істің нақты немесе заңды тұстарында өзінің алдын ала құқықтық пікірін айту мүмкіндігін берді. Сот барлық дәлелдер мен дәлелдемелерді, әкімшілік істің өзге де материалдарын, мән-жайларды толық зерттейді. Соттың белсенді рөлі қағидаты өз кезегінде әкімшілік істің әділ шешілуін қамтамасыз етеді.

Заңдылық, әділдік, тараптардың теңдігі, құқықтар басымдығы, соттың белсенді рөлі сынды қағидаттар мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы дауларды тараптар теңдігі мен сот процесінің ашықтығын қамтуымен, мемлекеттік аппараттың заңсыз әрекеттерінің жойылуына ықпал етуімен құнды.

Жоғарыдағы принциптер әкімшілік әділеттің мемлекеттік биліктің өз өкілеттігін асыра пайдалануына жол бермеу мақсатында қолданылып, құқықтық мемлекет қағидаларын бекітеді.

**Бахыт САТИБЕВА,**  
Алматы қаласы  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының судьясы

**БІТІМ**

Медиация – азаматтық-құқықтық дауларды шешудің ерекше әрі заманауи тәсілі. Сот процесінде дауласушы тараптар арасындағы шешімді үшінші бейтарап тұлға – судья қабылдайды және бұл шешім міндетті түрде орындалуға жатады.

**МЕДИАЦИЯДА  
ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ**

Медиация барысында бейтарап тұлға – медиатор тек тараптарға өзара түсіністікке келуге көмектеседі. Яғни, шешімді тараптардың өзі қабылдайды. Медиатор олардың арасындағы диалогты жеңілдетіп, әрқайсысының ұстанымы мен мүддесін түсінуге ықпал етеді, нәтижесінде екі жаққа да тиімді ортақ келісімге келуге жағдай жасайды.

2011 жылы 28 қаңтарда қабылданған «Медиация туралы» заң азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға қолданылады. Сонымен қатар, ол онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша да қолданылуы мүмкін.

Соңғы жылдары еліміздің заңнамасына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар медиация институтының дамуына жаңа серпін берді. Бұл өзгерістер құқықтық жүйені жетілдіріп, дауларды сотқа дейін шешу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етуде.

Медиацияның басты артықшылығы – онда жеңілген тарап болмайды. Дауды шешу барысында екі жақ та өз мүдделерін ескере отырып, өзара тиімді келісімге келеді. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге, қаржылық шығындарды азайтуға және тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді.

Медиацияны тиімді қолдануда тәжірибелі әрі кәсіби медиаторды таңдау аса маңызды. Өйткені дәл осы маман тараптарды дұрыс бағыттап, оң шешімге жеткізеді. Бұл институтты одан әрі дамыту – азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді тетігі болып табылады.

**А.ЕРГАЛИЕВА,**  
Батыс Қазақстан облысы  
мамандандырылған  
ауданаралық экономикалық  
сотының судьясы

**МІНДЕТ**

**СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ  
КӘСІБИ ЭТИКАСЫ**

Адамды адамнан биік ететін білімі емес, әдебі. Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дейтіні сондықтан. Бүгінгі мемлекеттік қызметтің де беделінің биік болуы мемлекеттік қызметкерлердің әдебі мен жауаптылығына, тәрбиесі мен тиянақтылығына тікелей байланысты. Соның ішінде сот қызметкерлеріне қойылатын талап та, артылатын жүк те қомақты. Сот қызметкерлері – сот жұмысының айнасы, судья қызметінің үйлестірушісі.

Сот – дау алаңы, ақ пен қара таразыға салынып, ақиқат айтылатын орын. Соған қарап былайғы жұрт сот жұмысы дегенде тек судьялар қызметі туралы ойлайды. Ал судья істі қарап, кесім айтқанға дейінгі көзге көрінбейтін қыруар жұмыстың артында сот қызметкерлерінің жанкешті еңбегі тұрғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Сотқа келгендерді ілтипаппен қарсы алып, талабы мен сауалын ыждағаттылықпен тындап, жол сілтейтін де – сот қызметкерлері. Талап-арыздарды қабылдап, тараптарға хабарлама жіберетін де, заң тәртібін түсіндіретін де – сот қызметкерлері. Сот процесіне қатысушыларды тіркеп, ортақ талаптан хабардар ететін де, отырыстың өз денгейінде өтуіне де жауапты – сот қызметкерлері. Сондықтан, сот қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін дамытумен бірге, азаматтармен сауатты қарым-қатынас орнатуына ерекше көңіл бөлінеді. Махмұд Қашқари айтқандай «Кісілік пен кішілік – ұлылықтың белгісі» екенін әрбір сот маманы қаперінен шығармағаны жөн.

«Театр табалдырықтан басталатын болса», сот жұмысы сот қызметкерлерінің сыпайы амандасуынан, сындарлы жауап беруінен басталады. Сот қызметкерлері күнделікті жұмыс барысында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінен басшылыққа алады. Бұл заңнаманың сақталуын бақылау әдеп жөніндегі уәкілге жүктелген. Сол сияқты «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда да судьялармен қатар, сот қызметкерлері бағдар етер негізгі басымдықтар жан-жақты дәйектелген. Осы құжаттарда сот қызметкерлерінің мінсіз болуына ықпал ететін құқықтық механизмдер жасақталған.

Сот қызметкерлерінің этикалық қағидаларында кәсіби қызмет барысында және қызметтен тыс уақытта сақталуы тиіс моральдық-құқықтық нормалар жинақталған. Мұндағы бірнеше қағидатқа ерекше тоқталған жөн. Яғни, сот қызметкерлері жұмыс барысында сақтауы тиіс бірінші қағида – заңдылық. Өз қызметін тек заң талаптарына сәйкес жүзеге асыр-



**Берікбайыр КАЗЖЕНОВ,**  
ҚР Сот әкімшілігінің  
Маңғыстау облысы бойынша  
департаменті басшысының  
орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл

ған, заң үстемдігін қамтамасыз етіп, кез келген заң бұзушылықтан аулақ болғанда ғана сот қызметкерлері өзіне жүктелген межеден табылады.

Екінші қағида – адалдық пен әділдік. Өзіне жүктелген қызметті адал орындап, әділдіктен айнымаған сот қызметкерлері саланың беделін көтереді. Үшінші қағида – бейтараптық. Тараптарға тең қарап, әр адамға жіті көңіл бөлген, әр сауалды зейін қойып тындаған сот қызметкерінің халық сенім артады. Ал сенім – сот имиджінің көрсеткіші. Төртінші қағида – сыпайылық және әдептілік. Сотқа келген тараптардың ашулануы, көңіл-құйдің жетегімен кетуі, артық сөздер айтуы қалыпты жағдай. Сот қызметкері соның бәрін түсіністікпен қарап, өзі азаматтарды мұқият тындап, сыйлау арқылы өзін де сыйлата білуі, тындата алуы тиіс. Бесінші қағида – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық. Қызметкерлер пара алу, заңсыз сыйақы немесе артықшылықтардан толықтай бас тартуы тиіс. Мұндай теріс әрекет бүкіл құрылымның бет-бейнесіне дақ түсіреді. Сот қызметкерлері мұнымен қоса құпияны сақтап, сот отырысында өзі куә болған, естіген мәліметтер мен ақпараттарды көпшілікке таратпауы керек. Бұл да кәсіби қызметке адалдықтың бір белгісі. Сот қызметкерінің қызметте ғана емес, қызметтен тыс кездегі әрекеті қоғам назарында тұрады. Соған орай мамандар көпшілік арасында да өзін теріс әрекеттерден шектеуі, саланың беделіне нұқсан келтіретін кез келген қадамнан сақ болғаны абзал.

Сот қызметкерлерінің кәсіби этикасы сот билігінің тиімді жұмыс істеуінің және қоғамның сотқа деген сенімінің кепілі. Ендеше, этика талаптарын сақтау арқылы сот қызметкерлері құқықтық мемлекеттің дамуына, әділ қоғам құруға, ең бастысы өзі қызмет етіп отырған сот құрылымының жұмысын жандандыруға үлес қосады.

**ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК**

**ЖИ ЖӘНЕ СОТ**



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы жылды цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Яғни биыл әр саланы цифрландыру, әр құрылым жұмысын жасанды интеллект көмегімен жетілдіру, жеңілдету бойынша іргелі жұмыстар жүргізілмек.

Цифрландыру, жаңа технология жетістіктерін қолдануда Қазақстан соттары көш алда. Шетелден келген сот өкілдері, құқық саласының мамандары сандық технологияның көмегімен қолға алынған қазақстандық жобалардың нәтижелеріне үнемі танданыспен қарайды. Өсіресе, «Төрелік», «Сот кабинеті» сервистері мен сот мәжіліс залдарының дыбыс-бейне таспаға жазылуы, онлайн сот отырыстары шетелдік әріптестердің үлкен қызығушылығын тудырып келе жатқаны рас.

Бұл шын мәнінде халықтық жобалар. Жаңа технология көмегімен енгізілген бұл бастамалардың барлығы халыққа жанашырлықтан туған жоба екенін әлдеқашан дәлелдеді. Себебі сандық технологияның арқасында соттағы көптеген қызметтерді қашықтан алуға мүмкіндік туды. Қашықта отырып талап арызды жолдау, кенесден шықпай құжаттарды алдыру, сотқа келмей-ақ өзін қызықтырған сауалдарға жауап алу аңыз емес, ақиқат. Тіпті қазір шалғай ауылда, шетелде

жүрген Қазақстан азаматтарының сот отырысына онлайн қатысуы қалыпты үрдіске айналды. Осының арқасында азаматтар уақытын үнемдеді. Сот әуресінен құтылып, жолға жұмсайтын қаржысы қалтасында қалатын болды.

Мұндай іргелі ізденістер биылғы Цифрландыру және жасанды интеллект жылында да жалғасын табады. Мәселен, қазіргі кезде жасанды интеллект күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру және үлкен деректермен жұмыс істеу үшін қолданылуда. ЖИ сот ісін жүргізудегі көп ақпараттарды талдау үшін инновациялық шешімдер ұсына алатынымен құнды болып отыр. ЖИ көмегімен жұмысы жеңілдеген судья енді бос уақытын сот тәжірибесін зерделеуге, соттағы зерттеу еңбектерімен танысуға, өзін кәсіби тұрғыдан дамытуға арнайды.

ЖИ-дің сот ісінде көмегі көп. Өсіресе ақпараттарды біріздендіру бірыңғай тәжірибе қалыптастыруға, сот қателіктерін жоюға көмектеседі. Бірінші артықшылығы – ЖИ судьяға республика көлемінде қаралған ұқсас істерді табуға, нақты қолданылатын заң тетіктерін айқындауға жол ашады. ЖИ-дің екінші артықшылығы – дәлдік. Себебі жасанды интеллект үлкен көлемдегі деректерді жоғары дәлдікпен өңдей алады. Үшінші басымдық – объективтілік. ЖИ алгоритмдері деректерге сүйене отырып шешім қабылдай алады, істің нәтижесіне әсер етуі мүмкін субъективті факторларды жояды. Сұрау салуға сай іріктелген деректерді талдай келе жасанды интеллект істің ықтимал нәтижесін болжай алатынын да айта кеткен орынды. Соның арқасында тараптар өз мүмкіндіктерін шынайы бағалайды. Бұдан бөлек ЖИ қазір жұмыс процесін онтайландыру, істерді тағайындау, сот отырыстарын жоспарлау және хаттамаларды дайындау сияқты күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруда да тиімділігін көрсетіп отыр.

Сот саласын цифрландыру, жасанды интеллект көмегімен жаңғырту бойынша жоспарланған жобалардың нәтижелі болуы судьялар мен сот қызметкерлеріне байланысты. Сондықтан судьялар мен сот қызметкерлерін жаңа үрдістің жетістіктерін меңгеруге, пайдалануға үйретіп, қызметтік дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор. Білімді, білікті мамандар ғана саланың беделін көтеріп, сапаға қызмет етеді.

**Шынар АБИЛХАСОВА,**  
Жаңаөзен қалалық соты әкімшісінің басшысы  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЙМАҚ - АҚПАРАТ

# ҚАЗАҚСТАН ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН КҮШЕЙТУДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл басқасу ел экономикасының стратегиялық бағыттарының бірі – транзиттік әлеуетті қайта саралауға мүмкіндік берді. Жиында айтылған пікірлер мен ұсыныстар Қазақстанның жаһандық логистикадағы орнын айқындауға бағытталған жүйелі қадмдардың қажеттігін көрсетті.

Қазақстан Еуразия құрлығының қақ ортасында орналасқан. Бұл – ел үшін тек географиялық ерекшелік емес, үлкен экономикалық мүмкіндік. Бүгінде еліміздің аумағы арқылы 12 халықаралық көлік дәлізі өтеді. Оның бесеуі – теміржол, жетеуі – автомобиль бағыттары. Сарапшылардың айтуынша, Қытай мен Еуропа арасындағы құрлықтық жүк тасымалының шамамен 85 пайызы осы бағыттар арқылы жүзеге асады. Алайда, еліміздің осы саладағы әлеуеті әзірге толық іске асырылмай отыр. Бұған жиынға қатысып, сөз сөйлеген палата спикері Мәулен Әшімбаев назар аударды. Мәулен Сағатханұлының айтуынша, Дүниежүзілік банктің дерегіне сәйкес халықаралық логистикалық тиімділік индексі бойынша Қазақстан 139 елдің ішінде 95-орында тұр. Бұл транзиттік мүмкіндіктеріміз жоғары болғанына қарамастан осы салада кейбір кедергілердің бар екенін білдіреді. Нақты айтқанда, инфрақұрылым, сервис сапасы, рәсімдердің жылдамдығы бойынша мәселелер сақталып отыр. Сондықтан қазір жекелеген жобалар жиынтығы емес, бірыңғай ұлттық транзиттік жүйе қажет. Соңғы бес жылда көлік-логистика кешеніне және транзиттік әлеуетті дамытуға 13,5 трлн теңге қаржы және инвестиция салынды. Бұл қаржы тиімділігін беруі тиіс.

Сонымен қатар палата спикері қазіргі кезеңдегі геосаяси ахуалдан туындайтын мүмкіндіктерді де тиімді пайдалану қажеттігіне тоқталды. Өйткені, әлемдегі көлік және транзит салаларына тікелей әсер етіп жатқан көрші мемлекеттердегі және Таяу Шығыстағы жағдайда Азия мен Еуропа арасындағы сенімді бағыттардың маңызы арта түседі. Тасымалдың тұрақтылығын, жылдамдығын және болжамдылығын қамтамасыз ете алатын дәліздерге сұра-

ныс артады. Сондықтан бұл қосымша мүмкіндікті тиімді пайдаланып, кешенді түрде әрекет жасау аса маңызды.

Жиында сөз алған Шәкәрім Бұтқұтұов саланың биқатар өзекті мәселелерін ортаға салды. Ол алдымен Қазақстан транзиттік және көлік әлеуетін дамыту жоспарларын көрсететін саяси құжаттардың бірнеше рет қабылданғанына, олардың Қазақстанның транзиттік және көліктік әлеуетін белсенді дамытуға, соның ішінде транзиттік тасымалдардың тиімділігін арттыруға, ұлттық мүдделерді ескеретін және елдің көлік дәліздерінің транзиттік тартымдылығын қамтамасыз ететін тарифтік саясатты жетілдіруге бағытталғанына назар аударды. Алайда, оларды іске асыру бұл саладағы жүйелік мәселелерді шешуге айтарлықтай әсер етпейді. Сенатордың айтуынша, бұл қабылданған бағдарламалық құжаттардың тиімділігін бағалаудың жеткіліксіздігін көрсетеді. Мысалы, теміржол көлігі саласында теміржол инфрақұрылымының тозу деңгейі жоғары болып калуға. Қазіргі уақытта магистральдық теміржол желісінің тозуы 57 пайызды қамтиды. Теміржолдардың тек үштен бір бөлігінде ғана қос жолды желілер бар. Станциялар мен өтпелі жолдардың шамамен 60 пайызы ұзын пойыздарға жарамсыз, ал бүкіл желінің үштен екі бөлігінен астамына электр қуаты жеткізілмеген. Мұның бәрі жүктерді жеткізу уақытының ұзаруына әкелумен қатар елдің теміржол транзиттік әлеуетін шектейді.

Шәкәрім Сабырұлы сонымен қатар теміржол саласындағы тиімсіз тарифтік жүйені де сынға алды. Оның сөзінен түйгеніміз, Қазақстандағы теміржол тарифтері ЕАЭО және ТМД елдерімен салыстырғанда ең төмен деңгейде қалып отыр. Тіпті, жүк тасымалының 70 пайызы өзіндік құнынан төмен тарифпен жүзеге асырылады. Бұл, бір жағынан, транзит үшін тартымды көрінгенімен, екінші жағынан, ұлттық тасымалдаушы компаниялардың қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді. «Қазақстан темір жолы» компаниясының қарызы 3 трлн теңгеден асқан. Сондықтан тарифтік саясат-

ты қайта қарау – уақыт күттірмейтін мәселе.

Автомобиль тасымалы саласында да кері үрдіс байқалады. Соңғы жылдары транзиттік автожүк көлемі 46 пайызға төмендеген. Бұған көрші елдердегі логистикалық саясаттың өзгеруі мен балама бағыттардың дамуы әсер еткен. Ал авиация саласында Қазақстан транзиттік хабқа айнала алмай отыр. Негізгі себептер – жүк терминалдарының жеткіліксіздігі, логистикалық тізбектердің әлсіз интеграциясы және авиаотын тапшылығы. Каспий теңізі арқылы өтетін бағыттар да толық қуатында жұмыс істемейді. Порттардың өткізу қабілеті шектеулі, ал отандық флоттың дамуы баяу. Сонымен қатар теңіздің тайыздануы да өз әсерін тигізуде.

Бүгінгі таңда транзит тек инфрақұрылыммен шектелмейді. Бұл – толыққанды цифрлық экожүйе. Алайда Қазақстанда әр құрылым өз бетінше жұмыс істейді. Нәтижесінде ақпарат алмасу баяу, шығын көп, процестер күрделі. Сарапшылардың пікірінше, бірыңғай цифрлық платформа құру – стратегиялық міндет. Ол «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеп, жүк қозғалысын толық бақылауға мүмкіндік беруі тиіс. Қазіргі геосаяси жағдай Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Жаһандық жеткізу тізбектерінің өзгеруі, электронды коммерцияның дамуы – жаңа транзиттік бағыттарға сұранысты арттырды. Алайда тәуекел де жоқ емес. Егер жүйелі реформалар жүргізілмесе, жүк ағындары балама бағыттарға ауып кетуі мүмкін.

Парламенттік тыңдауда айтылған негізгі ой – Қазақстан тек транзиттік аумақ болып қалмай, толыққанды логистикалық хабқа айналуы тиіс. Бұл үшін инфрақұрылымды жаңғырту, тарифтік саясатты теңгерімдеу, цифрландыруды тереңдету және институционалды реформаларды жеделдету қажет. Транзиттік әлеует – Қазақстанның қолында тұрған дайын мүмкіндік. Ендігі мәселе – соны тиімді пайдалану мен нақты нәтижеге айналдыруда.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

## «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже»

Алматы облысы Қонаев қаласында «AMANAT» партиясының «TURGYNDAR AMANATY» жобасы аясында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» атты форум өтті.



Жиында көпқабатты тұрғын үйлерді басқару, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, қауіпсіздік, тұрғындармен кері байланысты күшейту және МИБ пен ПИК жұмысының тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Форум жұмысына «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Болат Керімбек, облыстық Полиция департаментінің бастығы Мейрам Әбікеев, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, мемлекеттік және коммуналдық сала өкілдері, сондай-ақ өңірдегі МИБ пен ПИК басшылары қатысты.

Жиында Ержан Жылқыбаев «TURGYNDAR AMANATY» жобасы көпәтерлі тұрғын үйлерге қатысты қордаланған мәселелердің оң шешімін табуға бағытталғанын айтты. Жоба аясында МИБ және ПИК төрағаларын оқыту, депутаттармен кері байланысты күшейту, әкімдіктермен бірлескен жұмысты жолға қою, аулаларды абаттандыру және «Халық қатысатын бюджет» тетігін кеңінен пайдалану көзделіп отыр. Бұған дейін ел аумағындағы жеті өңірде дәл осы бағыттағы жүйелі жұмыс жүргізілді. Мәселен, төрт айда Астанада ашылған жобалық фронт-офисте 114 өтініш қабылданып, 67 мәселе бойынша кеңес берілді. Енді осындай фронт-офисті Алматы облысында да ашу ұсынылды.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы азаматтардың тұрмысымен қатар, әлеуметтік көңіл-күйге де тікелей әсер ететінін атап өтті.

А.МӘУЛЕНБАЙ  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

## Алакөл аумағында әмбебап құтқару қызметі іске қосылды

Абай облысының Алакөл көлінің жағалауында әмбебап құтқару бөлімшесі пайдалануға берілді. Салтанатты шараға облыс әкімі Берік Үлмис, ҚР Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, азаматтық қорғау органдарының өкілдері қатысты.



Жаңа құтқару бөлімшесінің құрылысы былтыр шілдеде басталған. Нысан Қабанбай ауылы маңында орналасқан. Бір қабатты ғимарат арнайы техника мен жүзу құралдарына арналған бокстармен жабдықталған. Бөлімшеде 6 бірлік арнайы техника, оның ішінде 2 құтқару катері мен 2 гидроцикл бар.

Аймақ басшысы жаңа құтқару бөлімшесінің ашылуы Алакөлге келетін туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге маңызды нысан екенін атап өтті.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

## 1000 түп ағаш отырғызылды

Орал қаласында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында 1000 түп ағаш көшеті отырғызылды. Игілікті шараға Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, қоғам белсенділері, ардагерлер мен жастар атсалысты.



Жиналғандар алдымен Шаған өзенінің жағалауын тазалап, абаттандырды. 500-ден астам адам қатысқан акцияда қарағай, үйіңкі, сүмбіл терек, шаған ағаштарының көшеттері отырғызылды.

Аймақ басшысы Президент тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өңірде кең көлемде жүзеге асырылып жатқанын айтып, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен табиғатты аялаудың мемлекеттік маңызына тоқталды. Акция өңір аудандарында да ұйымдастырылды. 120000 адам белгіленген аумақтарды көң-қоқыстан тазартып, тал-теректер отырғызды.

БҚО әкімінің баспасөз қызметі

ӘСКЕР

## ҚОРҒАНЫС ӨКІЛДЕРІ СЫНАҚТАН ӨТТІ

Елордадағы «Алатау» спорт сарайында Қорғаныс министрлігі басшылығының қатысуымен дене дайындығы бойынша кеңейтілген бақылау сабақтары өтті. Іс-шараға Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Бас штабтың жетекші өкілдері, сондай-ақ Қарулы күштердің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қатысты. Жоғары офицерлік құрамның өкілдері – 12 генерал белгіленген нормативтерді тапсырып, өздерінің физикалық дайындық деңгейін көрсетті.



Бақылау сынағы жеке жауапкершіліктің айқын үлгісі болып, бүкіл жеке құрамға талапты күшейтті. Олар дене дайындығы бойынша сынақтар тапсырып, № 3 жаттығуды (белтемірге тартылу) және № 37 жаттығуды (1 шақырым жүгіру) орындады.

Дене дайындығы – әскери қызметтің ажырамас бөлігі. Командирлер әрдайым жеке құрамға үлгі болуы тиіс. Сондықтан талап қоюмен қатар, өз-

дері де сол талаптарға сай болуы қажет. Әскер – бұл тек техника ғана емес, ең алдымен рухы мықты, физикалық тұрғыдан дайын, білімді әрі тәртіпті жауынгер, – деді Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы күштер Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Қаныш Әубәкіров.

Қысқы оқу кезеңінің қорытындысы бойынша бақылау сынағын Спорт комитетінің офицерлері қабылдады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

Авторлық құқық және сабақтас құқықтар азаматтық-құқықтық институты әдебиет, ғылым және өнер туындыларын жасау және пайдалану саласындағы мүліктік емес қатынастарды және онымен байланысты мүліктік қатынастарды реттейді.

ШЫҒАРМА АВТОРЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ



Қ.САНДЫБАЙ,  
Ақмола облысы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы

өзінің шағын әңгімелері үшін итальяндық ортағасырлық шежірелерді кеңінен пайдаланды, библиялық әңгімелер көптеген ұлы суретшілердің полотноларында көрсетілді және т.б.

Шығарма кез келген қарапайым нысанда жасалған сәттен бастап авторлық құқық объектісіне айналады. Бұл жұмыстарды ресми тіркеу талап етілмейді. Жұмыстың қадір-қасиеті мен мақсаты маңызды емес, оны білдірудің сыртқы формасы маңызды.

Келесі сабақтас құқықтарға – орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың және радио және телехабар тарату ұйымдарының құқықтары жатады.

Олар авторлық құқыққа қатысты іргелес, яғни бұл жақын, іргелес, жалпы, аудитория арасындағы делдалдың бір түрі. Бірақ олар авторлық құқыққа қатысты екінші кезектегі заң болып табылады, өйткені олар авторлардың шығармаларын пайдалануды қамтамасыз етеді.

Сабақтас құқықтар авторлардың шығармаларын кең аудиторияға жеткізетін тұлғалардың шығармашылық жұмысын олардың жұмысының нәтижелерін заңсыз пайдаланудан қорғайды.

Сабақтас құқықтардың ерекшелігі:

1) олар белгілі бір техникалық құрылғыларды қолданумен байланысты (сондықтан олар тек 20 ғасырда ғана пайда болды, технологиялық прогрестің дамуымен – дыбыс және бейне жазбаның, радионың, киноның, теледидардың, жасанды жерсеріктердің өнертабысы);

2) сабақтас құқықтар объектілері материалдық жеткізгіштерге бекітілген (мысалы, магниттік таспаларда, кассетада, бейнетаспаларда қойылым жазбасының болуы);

3) спектакльді қайта-қайта, шексіз, іс жүзінде шексіз аудитория алдында және орындаушының тікелей қатысуынсыз орындауға болады.

Сабақтас құқықтардың субъектілері:

1) орындаушылар (актерлер, музыканттар, режиссерлер, дирижерлер және т.б.);

2) фонограмма жасаушылар (орындаудың алғашқы дыбыс жазбасын жасаған тұлғалар);

3) эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдары (эфирді өзі жасаған немесе тапсырыс бойынша және солардың есебінен эфир жасағандар).

Сабақтас құқықтар субъектілерінің туындының авторымен, ал фонограмма жасаушылардың эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының орындаушымен шарты болуы тиіс. Барлық сабақтас құқық субъектілерінің туындыны (орындау, қою, фонограмма, беру) пайдалануға айрықша құқығы бар.

Көрсетілген құқықтық реттеу институты меншік туралы заңнамамен қатар тікелей «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңымен жүзеге асырылады. Оның 1-бабында осы заң авторлардың және олардың құқық мирасқорларының ғылым, әдебиет және өнер туындыларын жасауға және пайдалануға және орындаушылардың, фонограмма жасаушылардың, фонограммалар жасаушылардың құқықтарын және мүліктік құқықтарын қорғайтыны көрсетілген. Басқаша айтқанда, заң авторлық және сабақтас құқықтардың екі жақты мазмұнын зияткерлік меншіктің алуан түрлілігі ретінде және жеке (мүліктік емес) құқықтардың мазмұнындағы басымдылықты тікелей бекітті.

Авторлық құқық объектілеріне жататын әдебиет, өнер және ғылым туындылары біріншіден, жұмыс шығармашылығы болуы керек.

Шығармашылық – жаңа нәрсе жасауға бағытталған интеллектуалдық жұмыс. Шығарманың шығармашылық сипаты оның бұрын белгілі болған туындылармен салыстырғанда жаңа екенін білдіреді. Жаңалықты жаңа мазмұнда да, жаңа формада да көрсетуге болады. Авторлық құқық объектілері үшін мазмұнның жаңалығы да, пішіннің жаңалығы да маңызды. Белгілі мазмұнды бейнелеудің жаңа түрі шығарманы шығармашылық деп сипаттайды және оны авторлық құқық объектісі ретінде тануға әкеп соғады.

Әдебиет пен өнер тарихында мұның көптеген мысалдары бар: Шекспир трагедияларының бірқатарының тақырыбын ежелгі грек авторларының шығармаларынан алды, Стендаль

БАЗЫНА

ҚҰЛДЫҚ САНАДАН АРЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі туралы айтылып та, жазылып та жүргелі біраз болды. Өкінішке орай, биік мінберлерден қазақ тіліне қатысты айтылған сөздер популистік ұран екеніне көзіміз енді жеткендей.

Бірақ бұл мәселеде тілдің жауапкершілігін тек жоғарыдағылар мен зиялы қауым өкілдеріне артып қоюымыз да дұрыс емес. Тілдің қолданылу аясын кеңейтеміз десек, қарапайым қажеттілік туындатуымыз керек. Әрі бұл жоғары деңгейде заңмен бекітілсе, кез келген талпынған адам үйренері сөзсіз.

Қазіргі таңда қазақ тілінің қолданылу аясының сот жүйесіндегі көрсеткіші бұрынғыдан жақсарды. Бірақ сотқа арызды ресми тілде берсек, жеңіске жету мүмкіндігіміз жоғары деген қате ұғым әлі де болса жойылмады. Сот тәжірибесінен мысал келтірсем: талап қоюшы өкілі арызды өзіне ыңғайлы ресми тілде әзірлеп сотқа жолдайды. Сот отырысында сенім білдірушісі тек өз ана тілі, яғни, қазақ тілінде түсініктеме бере алатыны белгілі болады. Сот талап қоюшының жазбаша арызы негізінде іс жүргізу тілін мемлекеттік

тілге ауыстырады. Бұл өз кезегінде жауапкердің пікірін, уәжді ұстанымын, іс бойынша өзге де құжаттарды қазақ тіліне аударуға, сәйкесінше отырысты кейінге қалдыруға әкеп соғады. Өкініштісі мұндай мысалдар көбеймесе азаятын емес.

Қысқасы, баламды орыс сыныбына берсем ғана өмірден өз орнын тауып, жетістікке жете алады деген құлдық санадан арылатын уақыт жетті. Қазақ тілі тек бата беріп, тойда тілек айтатын тіл болып қалмауы тиіс. Әр қазақ өз отбасында, араласатын ортасында, қоғамдық орындарда ана тілінде сөйлеуге дағдыланса бұл сұрақ өздігінен шешімін табар еді.

**Т. АЛИКУЛОВ,**  
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

БІР МҮДДЕ

АЗАМАТТАР СЕНИМІН НЫҒАЙТҚАН ЖҮЙЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «естітін мемлекет» тұжырымдамасы негізінде осыдан бес жыл бұрын сот практикасына өкімшілік әділет институты енді. Міне, содан бері бұл институт Өкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӨРПК) аясында өз жұмысын нәтижелі жүзеге асырып келеді.

Қазіргі таңда азаматтар мен бизнестің мемлекеттік органдармен дауларын қарайтын арнайы сот жүйесі қарапайым халық пен құзырлы органдар арасындағы дөнекер көпірдей. Жария-құқықтық дауларды өкімшілік әділет жүйесі арқылы шешу бұған дейінгі бюрократиялық шектеулерді бұзды, қарапайым азаматтардың сот корпусына деген сенімін бекітті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қарапайым халық мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне шағымданған кезде көбінесе теңсіздік жағдайға тап болады. Сон-

дықтан, өкімшілік сот төрелігін осы айырмашылықты азайтатын арнайы дауларды шешу механизмі ретінде енгізу қажет» деген нұсқауы халықтың мүддесін көздейтін, әділетсіздіктер мен заңсыздықтарға шектеу қоятын жаңа бір әділ төрелік институтын құрудың алғышартын жасап берді. Бұл жобаның сот практикасына еніп, қажетті бір институтқа айналуына Жоғарғы Сот корпусына айтарлықтай үлес қосты.

Жаңашылдық жаршысы бола жүріп, дауларды өкімшілік әділет арқылы кәсіби тұрғыда шешу,

көпшіліктің көңілін бұған дейін күпті еткен бюрократиялық шектеулерді жою арқылы сот корпусының ашықтығын қамтамасыз ету секілді игілікті істердің бастамашысы, қолдаушысы болды. ӨРПК-да соттардың сапалы жұмыс істеп, кәсіби тұрғыда қалыптасуына жол нұсқаушы болды. Сауатты, білікті, жан-жақты зерделеніп қолданысқа енген заң да қарапайым көптің көңілінен шықты. Бүгінде өкімшілік әділетке жүгініп, одан кәсіби білікті шешімдер алып жатқан азаматтар көп.

Бес жылда өкімшілік әділеттің атқарған жұмыстары мен жаңашылдығы мол. Мемлекеттік органдармен арадағы дауларда азаматтардың құқықтарын қорғап, заңнама шеңберінде дауларды өкімшілік әділет арқылы қамтамасыз етудің тұрақты да сенімді тетігін қалыптастырды. Өкімшілік әділет жүйесі бұдан әріде дамып, жаңашыл реформалармен өз аясын кеңейте беретіні анық.

Бүгінде өкімшілік әділет аясында сот арқылы шешілген даулар көп. ӨРПК-ның азаматтардың құқығын қорғауда ұсынатын бейтарап, әділетті құқықтық негіздері сот жүйесіне енген ең тиімді әрі қажет өзгеріс болды. Мемлекеттің зайырлылығы мен демократиялық бастауы осындай жүйелер арқылы жүзеге асады. Бұл халық пен атқарушы билікті ортақ мәміледе азаматтық ұстанымдарға жұмылдырады. Халық сеніміне ие болып, ашықтық пен әділеттілік принциптерін негізге алатын осындай сот практикасы өзінің өзектілігі мен маңызын алдағы уақытта да кәсібилендіре беретініне сенім мол.

**А.ТЛЕНОВ,**  
Маңғыстау облыстық сотының судьясы



ҚАЗЫНА

ҰЛТТЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІ

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, рухани қазынасы және ұлттық бірегейлігінің негізі. Ол ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтап келеді.

Ана тіліміз арқылы біз ата-бабамыздың аманатын, салт-дәстүрін, даналығын танымыз. Халқымыздың мақал-мәтелдері, жыр-дастандары мен шешендік сөздері тілдің бай әрі көркем екенін дәлелдейді.

Ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым. Ол қазақ әліпбиін жетілдіріп, тұңғыш оқулықтар жазды және тілдің грамматикалық жүйесін зерттеді. Сондықтан оны «ұлт ұстазы» деп атайды.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы қазақ әдеби тілінің дамуына ерекше ықпал етті. Оның өлеңдері мен қара сөздері тілдің көркемдігін, тереңдігін

көрсетті. Абай шығармалары арқылы қазақ тілі жаңа деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, Мағжан Жұмабаев пен Міржақып Дулатов та ана тілдің дамуына үлкен еңбек сіңірді. Олар өз шығармаларында халықты білімге, ұлттық сананы сақтауға шақырды.

Қазақ тілін білу – әрбір Қазақстан азаматының парызы. Ана тілімізді құрметтеу, оны таза сақтау және дамыту – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Тіл арқылы біз ұлттық құндылықтарымызды сақтап, әлемге өз болмысымызды танытамыз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі – халқымыздың рухани тірегі. Оны



**Д. ТАЖИМУРАТОВА,**  
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

қадірлеу, үйрену және дамыту – баршамыздың ортақ міндетіміз. Ана тіліміз мәңгі жасап, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берсін.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

КӨРМЕ – ТЫҢ ЖОБАЛАРДЫ ТАНЫСТЫРУ МҮМКІНДІГІ

Орта Азиядағы ең ірі экологиялық көрмеде Алматы облысында өндірілген тауарлар өлем назарына ұсынылды. Игі шарада өңір сапалы өнімдері мен заманауи туристік жобалары арқылы бәсекеге қабілетті аймақ екенін көрсетіп, туризм бағытындағы тың жобаларымен таңқалдырды, – деп хабарлайды Алматы облысы өкімінің баспасөз қызметі.

Бастама Астана қаласында Өңірлік экологиялық саммит аясында өтіп жатыр. Шараның пленарлық отырысына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Армения, Моңғолия, Грузия, Әзербайжан сынды мемлекеттердің басшылары және БҰҰ өкілдері қатысты. Онда мемлекетаралық маңызды экологиялық мәселелер талқыланды.

Шара барысында ұлттық павильондар, В2В кездесулер, панельдік сессиялар мен стартап байқаулар ұйымдастырылып, инвестициялық келісімдер жасалды. Шамамен

1500-ге жуық ресми делегат – мемлекеттік органдар, халықаралық ұйымдар, инвесторлар, бизнес өкілдері және ғылыми сарапшылар өзара тәжірибе алмасты.

Халықаралық көрмеде 30 елден келген 300-ден аса компания жасыл энергетиканы дамыту, су ресурстарын тиімді қолдану, қалдықтарды сұрыптап, терең өңдеу, ақылды қалаларды қалыптастыру бойынша инновациялық жобаларын ұсынды.

Алматы облысының павильонында өңірде өндірілген экологиялық таза әрі табиғи өнімдер таныстырылды. Олардың қатарында «Frutto», «Syduk» және «Arba wine» сияқты көшбасшы кәсіпорындар бар. Сонымен қатар Алматы облысының көрнекі туристік нысандары насихатталып, саммит қатысушыларына ерекше әсер қалдырды. Атап айтқанда, «Ой Қарағай» тау курорты мен «Aikan Resort» кешені заманауи инфрақұрылымы және қызмет көрсетудегі жаңашылдығы жайлы қатысушыларға кеңінен ақпарат беріп, табиғаттың сұлу көрінісін тамашалауға шақырды.

**Е.КЕБЕКБАЙ**  
Алматы облысы

## СУХБАТ



**Аида БАЙТУРОВА,**  
Түркістан облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот аққасының төрағасы:

## «ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ФИЛОСОФИЯСЫН ӨЗГЕРТТІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бір қарағанда бес жыл – қысқа мерзім болып көрінуі мүмкін, алайда құқықтық институт үшін бұл алғашқы қадамдарды жасайтын ғана емес, даму бағытын да айқындауға күш салатын кезең. Осы уақыт ішінде Қазақстанның әкімшілік әділеті азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғаудың дербес тетігі ретінде нық қалыптасуының жолына өтті.

2021 жылы қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті көпшілік белгілі бір деңгейде эксперимент ретінде қабылдады. Азамат пен мемлекеттің тең дәрежеде дауласа алуы – ұзақ уақыт бойы мемлекеттік органның дұрыстығы презумпциясы үстем болған құқықтық жүйе үшін тың әрі батыл идея еді. Алайда тәжірибе өз бағасын берді. Осы жылдары әкімшілік соттар арқылы ондаған мың іс қаралды. Әрбір санның артында нақты тағдыр тұр: нұсқаманы даулаған кәсіпкер, жер құқығын қорғаған азамат, әкімдікпен немесе салық органымен дауда әділдік іздеген адам. Ең маңыздысы – даулардың едәуір бөлігі талапкерлердің пайдасына шешілуде. Бұл тек «қанағаттандыру пайызы» емес, жүйенің бағыныштылық логикасынан теңгерім логикасына көшкенінің көрсеткіші.

Әкімшілік әділет дауларды қарау философиясын өзгертті. Сот енді тек пассивті төреші емес, істің мән-жайын белсенді зерттейтін, дәлелдемелер сұрататын, мемлекеттік органға олқылықтары мен қателіктерін көрсететін органға айналды. Бұл – формалды әділдіктен материалды әділдікке көшу. «Естуші мемлекет» қағидатының енгізілуі де аса маңызды. Бүгінде мемлекеттік орган формалды жауапшн шектеле алмайды – ол өз шешімін негіздеуге, логикасын түсіндіруге және дау туындаған жағдайда оны сотта тең дәрежеде қорғауға міндетті.

– **Әрбір жаңа бастама қиындықсыз болмайды, қиынған кездеріңіз болды ма?**

– Әрине, қиындықтар да болды. Барлық мемлекеттік органдар жаңа талаптарға бірден бейімделе қойған жоқ. Кей жерлерде формализм сақталса, кей жағдайда дәлелдеу ауыртпалығын қайтадан азаматқа жүктеу әрекеттері байқалды. Дегенмен сот тәжірибесі бұл теңсіздіктерді біртіндеп түзету-

де. Әкімшілік әділет судьялар үшін де, мемлекеттік қызметшілер үшін де, азаматтардың өздері үшін де құқықтық мәдениеттің мектебіне айналды. Адамдар сотқа үмітсіздікпен емес, бұл жұмыс істейтін құрал екенін түсініп, жүгіне бастады.

Жалпы алғанда халық сенімі әділ шешімдердің жиынтығынан қалыптасады. Бес жыл ішінде осы сенім үдесінен шығып келеміз деп ойлаймын. Оған нақты көрсеткіштерді дәлел ете аламыз. Мәселен, 2021 жылы 682 талап арыз түскен болса, 2025 жылы олардың саны

*Қазақстандағы әкімшілік әділет қарары шешу тетігі ғана емес, мемлекеттік басқару сапасының сүзгісіне айналу әлеуетіне де ие. Шешімдер жиі қаулап, күшін жойып жатса, тәжірибені қайта қарау қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет сапасын арттырады.*

*Алдағы жылдары судьялардың мамандануын тереңдету, цифрлық құралдарды кеңейту, сотқа дейінгі рәсімдерді күшейту және ең бастысы әділдік қағидатын нығайту негізгі бағыттар болмақ.*

1836-ға жетті, ал қанағаттандыру деңгейі көбіне 50 пайыздан асады.

– **Бес жыл жаңа механизмнің тиімділігін таразылауға, оның болашағын болжауға жеткілікті мерзім. Әкімшілік әділеттің болашағы қандай болады деп ойлайсыз?**

– Менің ойымша, бұл институттың болашағы өте зор. Қазақстандағы әкімшілік әділет дауларды шешу тетігі ғана емес, мемлекеттік басқару сапасының сүзгісіне айналу әлеуетіне де ие. Шешімдер жиі қаулап, күшін жойып жатса, тәжірибені қайта қарау қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет сапасын арттырады.

Алдағы жылдары судьялардың мамандануын тереңдету, цифрлық құралдарды кеңейту, сотқа дейінгі рәсімдерді күшейту және ең бастысы – әділдік қағидатын нығайту негізгі бағыттар болмақ. Тереңірек қарағанда, бұл жаңа басқару шындығын қалыптастырады. Кез келген әкімшілік шешім мазмұндық тұрғыдан сот бақылауына түседі. Мұндай жағдайда жаңа басқару логикасы пайда болады, яғни шешім қабылдау ғана емес, оның заңдылық пен әділдікке төтеп бере алатын

тұрақты болуы маңызды. Бұл жүйенің мінез-құлқын өзгертеді.

Сот процестерінде мемлекеттік қызметшінің ойлау тәсілінің өзгергені байқалады: ол даулаудың тәуекелдерін бағалайды, рәсімдерге мұқият қарайды, формалды жауаптың енді қорғай алмайтынын түсінеді. Құқықтар соттан кейін емес, шешім қабылдау кезінде-ақ қамтамасыз етіледі. Иә, бұл процесс біркелкі емес. Кей жерлерде формализм мен ескі тәсілдердің инерциясы сақталған. Бірақ сот тәжірибесі теңестіруші механизм ретінде жұмыс істейді.

Әкімшілік әділеттің нәтижесі – нақты сенім. Декларативті емес, шынайы сенім. Адам өз уәждерінің тыңдалатынын, мемлекеттік органның түсініктеме беруге міндетті екенін, ал соттың оның жағына шыға алатынын көргенде, сезінгенде жүйеге деген көзқарасы өзгереді. Сотқа жүгіну төтенше шара емес, қалыпты құқық қорғау құралына айналады. Бұл бес жылдағы ең

маңызды жетістіктердің бірі.

Меніңше, әкімшілік әділеттің болашағы талап арыздардың санымен емес, оның ықпалының тереңдеуімен өлшенсе керек. Қазірдің өзінде бұл институт мемлекеттік шешімдердің сапасын сүзгіден өткізетін құралға айналды. Шешімдер жүйелі түрде даулап, жойылатын жерде тәсілдерді қайта қарау қажеттілігі туындайды. Бұл мемлекеттік органдардағы ішкі бақылауды күшейтуге, сотқа дейінгі тетіктерді дамытуға, шешімдерді негіздеуге қойылатын талаптарды артты-

руға әкелуі тиіс. Нәтижесінде мемлекеттік басқарудың жалпы деңгейі өседі. Бұл – әкімшілік әділеттің басты мақсаттарының бірі.

– **Бастапқы кездері жаңа кодекс пен жаңа институтты жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілген болар?**

– 2021 жылы біз әріптестерімізбен бірге алты ай бойы ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Түркістан филиалында мемлекеттік қызметшілерге әкімшілік заңнаманың негіздері бойынша оқыту жүргіздік. Ол кезде қызметшілер арасында сыни және скептикалық пікірлер басым болды. Қазақстан әкімшілік әділетке дайын емес деген көзқарас жиі айтылатын. Бүгінде әкімшілік әділет нақты жұмыс істеп тұрғанын көріп отырмыз. Аталған оқыту жұмыстары әлі де жалғасып жатыр. Бұл институт тек дауларды шешіп қана қоймай, басқарудағы жауапкершілік пен ашықтықтың жаңа стандартын қалыптастыруда.

– **Субелі сұхбатыңызға рақмет!**

**Сұхбаттасқан Шадияр МЕКЕНБАЙҰЛЫ**

## ПАЙЫМ

## «ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТОҒЫЗ ҚАБАТ, ТӨР КӨЗДІ САУЫТЫ»

1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Конституциясы өзіне жүктөлген міндетті толық орындап шықты. Отыз жылдың ішінде Ата Заң тәуелсіздікті күшейтіп, жас мемлекеттің нығаюына, дамуына негіз қалады.

Бірақ, қоғам дамыған сайын заңға, құқықтық құрылымға қатысты талаптардың өзгеретіні белгілі. Сол талаптарға сай бүгінгі күнге дейін Конституцияға бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Алайда Бас құжатты үнемі түзетіп, толықтырып отыру мүмкін емес. Бұл өз кезегінде Конституцияның беделін түсіреді, пәрменін азайтады. Соған орай заңгерлер ортасында Жаңа Конституцияны дайындау қажеттігі туралы жиі ұсыныстар айтылатын. Қоғамның пікіріне құлақ асқан Мемлекет басшысы да кезекті Құрылтайда заңнамалық өзгерістерді жасау кезек күттірмейтінін айтып, көпшілікке орынды ой тастағаны есімде.

Осы тапсырмадан кейін арнайы жұмыс тобы құрылып Қазақстан Конституциясының жобасы әзірленді. Үлкен ізденіс, терең талқы негізінде көпшілік қолдауына ие болған Конституция жобасына 15 наурызда Қазақстан халқы дауыс берді.

Дәл осы референдум Қазақстан халқының азаматтық белсенділігінің қаншалықты өскенін, құқықтық сауаттылығының мейлінше жоғарылағанын көрсетті. Оны заң жобасы жарық көргеннен бастап талқыға қатысқан азаматтардың санынан, айтылған пікірлерден алуандығынан байқауға болады.

Ата Заңның әр бабына мән беру – елдің ертеңіне жауап-

тылықпен қараумен пара-пар. Өйткені, Конституция мемлекеттегі құқықтық қарым-қатынасты реттейтін, азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдік беретін басты құжат. Оның сауатты жазылуы, халыққа қажет талаптардың толық ескерілуі басқа заңдардың да толықтырылуына түрткі болады. Яғни, Конституция – елдегі барша заңның атасы.

Талқы барысында азаматтардан мыңнан аса ұсыныс түскен. Дәл осындай белсенділік референдумға келіп, дауыс беру барысында да байқалды. Шараға қазақстандықтардың 73,12 пайызы қатысып, дауыс бергендердің 87,15 пайызы құжат жобасын жақтаған. Осылайша келер жылдан бастап 15 наурыз ел күнтізбесіндегі мерекелік күннің біріне айналып отыр.

Жаңа Конституцияда ерекше атап өтерлік жаңашылдықтар аз емес. Мұнда негізгі бағыт адам, оның құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауға бағытталған. Бұл бірегей реформаның сот тәуелсіздігін күшейтудегі, құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі пәрменді күшті. Соның ішінде заңның әділдігіне, жалпыға бірдей қолданылуына, сот актілерінің орындалуына баса мән берілген. Өйткені, құқықтық мемлекеттегі мәселелер заңды қабылдаумен ғана шешілмейді. Заң бірдей қолданылып, азаматтар

сол заңды сыйлағанда, ортақ тәртіпке бағынғанда ғана оның пәрмені мен нақты бекетесі артады. Заңға сену, сол арқылы елдің ертеңіне сену осы қадамнан бастау алады.

Конституцияда сот төрелігіне қатысты норма айтарлықтай күшейген. Сондай-ақ адвокатураның құқықтық мәртебесі алғаш рет нақты бекетіліп отыр. Екі палаталы Парламенттің таратылып, заң шығармашылық қызметінің Құрылтайға жүктелуі де негізгі өзгерістердің бірі. Сонымен қатар, Халық кеңесін құру мен Вице-президент институтын енгізу елдегі басқару сапасын арттыруда және қоғамдық диалогты нығайтуда пайдалы. Бұдан бөлек, Халық кеңесі азаматтардың заң шығару үдерісіне жүйелі қатысуына мүмкіндік береді. Оның құрамына этностардың, өңірлердің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіріп, елдегі реформалардың сауатты түзілуіне үлес қоспақ.

Қоғам қайраткері, жазушы Шерхан Мұртазаның «Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, төр көзді сауыты» деген салмақты сөзі бар. Сол айтпақшы, осындай елеулі өзгерістер қамтылған жаңа Конституцияның да еліміздің құқықтық қорғаны боларына сеніміз зор.

**А.АХМЕТОВА,**  
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

## СУДЬЯ МІНБЕРІ

## АЛҚАБИ БОЛУ – ӘДІЛДІК ОРНАТУҒА ҮЛЕС ҚОСУ

«Алқабилер туралы» заңның қолданысқа енгізілуіне биыл 20 жыл толып отыр. Бұл институт еркеніетті, дамыған елдердің барлығында өзін ақтаған. Мәселен, Сөт Еуропа-ның бірқатар мемлекетінде кеңінен таралған.

Сонымен бірге АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия сияқты елдерде алқабилердің қатысуымен істерді қарау қалыпты үрдіске айналған. Германия, Франция, Ресей, Украинамен бірге Қазақстанда да алқабилер соты қылмыстық істерді қарау кезінде қолданылады.

Алқабилер қарапайым халықтың атынан әділдік пен заңдылықты қорғауға қатысатындықтан, бұл институттың сот пен халық арасындағы сенімді нығайтуға айтарлықтай ықпалы барын мойындауымыз керек. Себебі алқабилер болу арқылы азаматтар сот жұмысын жақыннан біледі, қылмыстық істерді қараудың қиындығы мен жауаптылығын тереңнен ұғынады.

«Алқабилер туралы» заң қылмыстық істерді қараған алқабилердің тәуелсіздігін, құқықтық мәртебесін және олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Десек те, алғашқы жылдары алқабилердің қатысуымен сот отырысын өткізу айтарлықтай қиындық туғызды. Жергілікті әкімшілік қызметкерлерінің алқабилерге үміткерлер тізімін дұрыс жасамауы, іріктелген алқабилердің сот шақыруына келмеуі, өзіне жүктелген істі жауаптылықпен орындамай, процеске кешігуі, түрлі сылтаумен сот отырысына қатыспауы істердің сапалы қаралуына кедергі келтірді. Алайда, «Көш жүре түзеледі» демекші, алқабилер институтының маңызын, мәнін, сотқа қатысу тәртібі мен сот отырысын өткізуге кедергі келтірудің салдарын түбегейлі түсіндіргендіктен, алқабилер болуға ынталы азаматтардың қатары арта түсті.

Алғашқы кезде орын алған кемшіліктер ретімен шешімін тауып, алқабилерге кандидаттардың бірінші тізімі соттың сұрау салуымен «Электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері арқылы электрондық нысанда қалыптастырылуда. Алқабилер тізіміне кездейсоқ азаматтардың кіріп кетуіне де мән беріледі. Себебі заң талабына сай тек 25 жасқа толған, соттылығы жоқ, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылмаған және



психикалық денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрмаған адамдар алқабилер болуға қабілетсіз болуы мүмкін. Сондай-ақ судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұл тізімге ену алмайды.

Азаматтар алқабилер болудың міндеті мен жауаптылығын да білуі шарт. Мәселен, сот отырысындағы ортақ талапқа бағынумен бірге, алқабилердің істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуіне, мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауына, өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етуіне, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуына қатаң тыйым салынған. Өз міндетін дұрыс атқармаған, заңда кезделген шектеулерді сақтамаған алқабилер жауаптылыққа тартылады.

Алқабилер болудан қорқудың қажеті жоқ, өйткені заңға сәйкес алқабилер, оның отбасы мүшелері, мүліктері мемлекет қорғауында болады. Егер алқабилер тіңісті өтініш түссе, алқабилердің қауіпсіздігіне қауіп төнсе, онда сот алқабилердің, оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін, оларға тиесілі мүліктердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданады.

Алқабиле бюджет қаражаты есебінен іс бойынша төрағалық етуші судьяның лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде ақы төленетіні де айта кеткеніміз жөн. Яғни, сотқа қатысатын халық өкілдері қаржылық тұрғыдан да, қауіпсіздік жағынан да қорғалған. Енді тек алқабилер өзіне жүктелген межеден табылып, сот істеріне тиянақты қатысып, әділдіктің салтанат құруына үлес қосса болғаны.

**Бахытхан БӘКІРБАЕВ,**  
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БАҒДАР

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Түркісіб ауданының әкімі Дамир Әкежанов ауданның даму барысы туралы баяндады. Әкімнің айтуынша, ауданда мыңдаған жаңа үйлер бой көтеріп, тұрғын үй қоры біртіндеп жаңарып келеді.

ТҮЛЕГЕН, ТҮРЛЕНГЕН АУДАН



Қазіргі уақытта тозығы жеткен ескі үйлер кезең-кезеңімен сүріліп, олардың орнына заманауи тұрғын үйлер салу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, аудан аумағында аулаларды абаттандыру, қоғамдық кеңістіктерді жаңғырту және жаңа демалыс аймақтарын қалыптастыру жұмыстары қарқынды түрде жалғасып жатыр. Қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында ауқымды көгалдандыру шаралары да тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Дамир Әкежановтың айтуынша, жайлы қалалық ортаны қалыптастыру – аудан әкімдігінің негізгі басым бағыттарының бірі. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын таппак.

Бүгінде Түркісіб ауданы тозығы жеткен тұрғын үйлер саны бойынша көш бастап тұр: мұнда осындай 582 үй бар, бұл – қаладағы көрсеткіштің шамамен жартысы. Біз бұл мәселені реновация бағдарламасы арқылы кезең-кезеңімен шешіп келеміз. Қазірдің өзінде нақты нәтижелер бар, жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді Дамир Әкежанов.

Оның айтуынша, аудан аумағында ескі және апатты үйлерді жаңарту

орындар болуы маңызды. Сондықтан «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын белсенді дамытып отырмыз, мұнда жобаларды тұрғындардың өздері ұсынады. Мұндай тәсіл қала тұрғындарының нақты сұраныстарын дәлірек ескеруге мүмкіндік береді», – деді ол.

2022–2025 жылдар аралығында Түркісіб ауданында сегіз қоғамдық кеңістік – жаяу жүргіншілер мен серулену аймақтары пайдалануға берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, алдағы уақытта жаңа жобалар жүзеге асырылмақ. 2026 жылы бірқатар ірі бастамалар жоспарланған. Атап айтқанда, Майборода көшесінде жаяу жүргіншілер аймағы салынады, Баума тоғайы абаттандырылады. Сондай-ақ Үлкен Алматы каналына күрделі жөндеу жүргізіліп, демалыс аймақтары мен жағажайлар жасалады. Түркісіб ауданы Алматы қаласындағы ең жасыл аудандардың бірі болып саналады. Мұнда 772,5 мыңнан астам ағаш өсіп тұр, 63 жасыл аймақ бар, оның ішінде бес парк, Баума тоғайы және 15 саябақ орналасқан.

Биыл көгалдандыру жұмыстары да ауқымды түрде жалғасады: 45,6 мың бұта мен 580 ірі ағаш отырғызу жоспарланған. Сонымен қатар, 20 мың ағашқа санитарлық кесу, шамамен 5 мың ағашқа формалық кырку жүргізіледі. Бұдан бөлек, бес көшеде буферлік аймақтар абаттандырылып, жасыл желектер отырғызылып, автоматты суару жүйелері орнатылады. Аудан әкімдігі қала экологиясын жақсарту мен тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып келеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

РЕЙД

«ТОҚТА, ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ!»

Қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде құқық қорғаушылармен жүргізілетін рейд шараларының маңызы зор екені рас. Түркістан облысында бастау алған «Тоқта, құқық бұзушылық!» жедел-профилактикалық іс-шарасы да аймақтағы тұрақтылықтың мызғымастығына бағыттала отыр. Ең алдымен шара бүгінгі таңда тұтастай ел көлемінде жүзеге асырылып жатқан «Заң және тәртіп» қағидатының нақты мазмұнымен толығып келе жатқанын айқын аңғарта-тын маңызды құбылыс екенін айғақтай түсті.



Аталған іргелі іс-шараға Қарағанды, Қызылорда және Жамбыл облыстарынан келген полиция қызметкерлерінің қатысуы – құқық қорғау жүйесіндегі өзара ықпалдастықтың жаңа деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Мұндай тәжірибе алмасудың маңызы зор. Өйткені әр өңірдің өзіндік ерекшелігі бар. Ал сол тәжірибелердің тоғысуы құқық қолдану практикасын жетілдіруге ықпал етеді. Сарапшылардың пікірінше, өңіраралық осындай бірлескен форматтар полиция жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, кадрлардың кәсіби дайындығын да барынша күшейтуге мүмкіндік береді.

дәл осы ұсақ заң бұзушылықтардың жиынтығы үлкен қауіптің алғышартына айналып кететінін тәжірибе көрсетіп отыр. Сондықтан «нәлдік төзімділік» қағидаты дәл осындай ұсақ көрінетін, бірақ жүйелі сипат алған бұзушылықтарға қарсы бағытталуы тиіс дейді мамандар.

Бұл ретте полиция қызметкерлерінің ұстанымы да өзгеріп келе жатқанын анық байқауға болады. Қазіргі таңда тәртіп сақшылары аталған бағытқа баса назар аударып, жазалаудан гөрі алдын алуға, түсіндіруге әрі ескерту жасауға баса ден қойылып отырғанын айтады.

Сарапшылардың айтуынша, құқық



Іс-шараның алғашқы тәулігінде 1600 құқық бұзушылықтың анықталуы – бір жағынан полиция жұмысының белсенділігін көрсетсе, екінші жағынан қоғамдағы тәртіп деңгейіне ой жүгіртуде мәжбүр етеді. Бұл орайда «неге бұзушылық көп тіркелді?» деген сұрақтан гөрі, «неге мұндай бұзушылықтарға әлі де жол беріліп отыр?» деген сауал маңыздырақ сияқты. Себебі тіркелген деректердің ішінде ең қауіптілері – мас күйінде көлік басқару, жүргізу құқығынсыз рөлге отыру, қарсы бағытқа шығу сияқты әрекеттер жиілей бастаған. Бұлар тек әкімшілік құқық бұзушылық емес, адам өміріне тікелей қауіп төндіретін факторлар екені сөзсіз.

Мәселен, жүргізу құқығынан айырылғанына қарамастан «Mercedes-Maybach» маркалы көлікті басқарған азаматтың әрекеті – заң талаптарына селқос қараудың көрінісі ғана емес, қоғамдағы жауапкершілік деңгейінің әлі де толық қалыптаспай отырғанын білдіреді. Сол сияқты халықаралық маңызы бар «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» автожолында рұқсатсыз арнайы жарық сигналдарын орнатқан жүргізуші фактісі де – жолдағы тәртіптің тек ережемен емес, сана арқылы реттелуі қажет екенін дәлелдейді.

Рейд барысында анықталған өзге де құқық бұзушылықтар – көлік әйнектерін заңсыз күңгірттеу, техникалық байқаудан өтпеу, сақтандыру полисінің болмауы, көліктерге заңсыз жабдықтар орнату – көп жағдайда ұсақ заңбұзушылықтар ретінде бағылданатыны жасырын емес. Алайда

қорғау органдарына деген сенім тек статистикалық көрсеткіштермен емес, күнделікті қарым-қатынас мәдениеті арқылы қалыптасады. Егер азамат полицияны жазалаушы орган ретінде емес, қауіпсіздіктің кепілі ретінде қабылдай бастаса, онда құқықтық тәртіп те табиғи түрде нығаймақ. Бұл тұрғыда «Қауіпсіз қоғам» жобасының идеялық негізі де осы – мемлекет пен қоғам арасындағы серіктестік қатынасты қалыптастыруға негізделгенін атап өткен жөн.

Қоғамға заң талаптарын түсіндіру, құқықтық мәдениетті насихаттау, жүргізіліп жатқан шаралардың мәнін жеткізу – барлығы да сапалы әрі сауатты контент арқылы жүзеге асады. Бұл бағытта өңірлік полиция департаментінің белсенділігі байқалады.

Сонымен, Түркістан облысында өтіп жатқан «Тоқта құқық бұзушылық!» жедел-профилактикалық іс-шарасы – құқықтық тәртіпті күшейтудің, заңның үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамда жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудың тиімді тетігіне айналғанын көрсетті. Бұл бастама тек құқық бұзушылықтарды анықтаумен шектелмей, азаматтардың санасына әсер ететін, ұзақ мерзімді нәтижеге бағытталған саясаттың бір бөлігі ретінде бағалануы тиіс. Ең бастысы – заңға бағыну сыртқы бақылаудан емес, ішкі қажеттіліктен туындайтын деңгейге жеткенде ғана «қауіпсіз қоғам» ұғымы шынайы мазмұнға ие болмақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МӘСЕЛЕ

ТІЛ – ҰЛТ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ ТІРЕГІ  
СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМУ ТҮРІНДЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Судья Ж. Жанатбекова өз баяндамасында ҚР Конституцияға сәйкес қазақ тілі мемлекеттік тіл екенін атап өтіп, мемлекеттік органдарда және сот жүйесінде оның қолданылуы заңмен бекітілгенін жеткізді. Оның айтуынша, заңнамада қазақ және орыс тілдерінің қатар қолданылуы көзделгенімен, іс жүзінде сотқа келіп түсетін істердің басым бөлігі орыс тілінде жүргізіледі.

«Сот ісін жүргізу тілі қағидаты – процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі кепілі. Бұл тек тіл мәселесі емес, әділ сот төрелігінің сапасына тікелей әсер ететін фактор», – деді судья.

Сонымен қатар, ол Азаматтық процесік кодекстің 14-бабына сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап арыз берілген тілге байланысты белгіленетінін түсіндірді. Сот істі дайындау барысында тараптардың тілді білу деңгейін анықтап, қажет болған жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығаратынын айтты.

Сотта қаралған әкімшілік істерге жасалған талдау нәтижелері де ұсынылды:

2024 жылы 5824 іс түскен, оның 205-і мемлекеттік тілде, 2025 жылы 6723 іс түскен, 344-і мемлекеттік тілде қаралса, 2026 жылдың 1-тоқсанында 2177 іс түскен, оның 261-і мемлекеттік тілде.

Мәліметтер мемлекеттік тілде берілетін талап арыздардың жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар сот актілері мен шығыс құжаттарының да мемлекеттік тілде рәсімделу деңгейі өсіп отырғаны айтылды.

Баяндамашының айтуынша, негізгі



мәселенің бірі – сотқа түсетін құжаттардың басым бөлігі адвокаттар мен заңгерлер тарапынан орыс тілінде дайындалады. Кей жағдайларда азаматтар сот процесінде өз ойын мемлекеттік тілде еркін жеткізе алмай жатады. Ал заң бойынша талап-арыз берілген тіл сот ісін жүргізу тілі болып есептеледі. Соған қарамастан, азаматтардың бұл құқықты толық пайдаланбайтыны байқалады.

Қандай практикалық мәселе бар?

Судья сондай-ақ, тәжірибеде адвокаттар мен заңгерлердің талап-арыздарды көбіне орыс тілінде дайындайтыны байқалады. Сонымен қатар азаматтардың бір бөлігі сот процесінде мемлекеттік тілде еркін сөйлей алмай жатады.

Әрине, сот билігі – биліктің бір тармағы ретінде мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Дегенмен процесік заңнама талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап қою берілген тілде іске асырылады» – дейді Ж.Жанатбекова.

АПК-нің 14-бабының 2-бөлігінде

егер істі бірінші сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өкілі немесе өзі талап қою арызын (арыз) берген тілді білмейтіні анықталса, онда сот талап қоюшының жазбаша өтініш-хаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығарады деп көрсетілген. Заңның бұл талабы талап қоюшыға істі қарау барысында түсіндірілсе де, көп жағдайда азаматтар өздерінің бұл құқықтарын қолданбайды. Сондықтан, кәсіби құқықтық көмек көрсетуші заңгерлер арызды талап қоюшының өзі жетік меңгерген тілде әзірлесе деген тілек бар. Себебі, жоғарыда атап өткендей, арыз берілген тілде істі қарау соттың міндеті.

«Тілсіз ұлт болмайды, еліміздің болашағы қазақ тілінде. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру және оны қолдану баршамамызға міндет», – деді судья.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»



«Алматы жылу жүйесі» ЖШС Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қ. бойынша департаментінің 22.04.2026ж. №65-ОД бұйрығының негізінде тұтынушыларға 2026 жылдың 1 мамырынан бастап жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау бойынша қызметтерге тарифтің өзгергені туралы хабарлайды.

**«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері**

(ККС-сыз)			
№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	2026 ж. 01.05.
<b>I</b>	<b>Жылу энергиясын беру, тарату және онымен жабдықтау тарифі</b>	Тенге/Гкал	<b>4 856,65</b>
<b>II</b>	<b>Орташа босату тарифі</b>	Тенге/Гкал	<b>12 660,26</b>
<b>1</b>	<b>Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі- тұтынушыларға арналған тариф</b>	Тенге/Гкал	<b>7 878,51</b>
1.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Тенге/Гкал	9 454,21
1.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Тенге/Гкал	7 733,12
1.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Тенге/Гкал	7 878,51
<b>2</b>	<b>Өзге де тұлғаларға арналған тариф</b>	Тенге/Гкал	<b>17 307,17</b>
2.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Тенге/Гкал	22 499,33
2.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Тенге/Гкал	16 830,69
2.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Тенге/Гкал	17 307,17
<b>3</b>	<b>Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф</b>	Тенге/Гкал	<b>38 108,30</b>
3.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Тенге/Гкал	37 320,02
3.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Тенге/Гкал	57 162,45

Ескертпе: Қосылған құнға салынатын салықтың мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолданылады.

Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау бойынша реттелетін қызметтерге жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар жеке тұлғалардың тұтыну көлемдеріне қарай тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтердің қолданылуы Алматы қаласының тұтынушылары үшін 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін уақытша тоқтатылады.

**Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері**

(ККС-сыз)			
№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	2026 ж. 01.05.
<b>I</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
<b>I</b>	<b>Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем</b>		
<b>1.</b>	<b>Ашық жүйесі</b>		
1.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/адам	2 031,47
1.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	967,37
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	1 160,84
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	2 321,68
1.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	588,81
<b>2.</b>	<b>Жабық жүйесі</b>		
2.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/адам	1 811,66
2.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	862,70
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	1 035,24
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	2 070,47
2.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	614,52
<b>II</b>	<b>Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем</b>		
<b>3.</b>	<b>Ашық жүйесі</b>		
3.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/адам	1 669,14

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы  
Тел.:  
8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

3.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	794,83
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	953,79
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	1 907,58
3.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	541,53
<b>4</b>	<b>Жабық жүйесі</b>		
4.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/адам	1 449,33
4.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	690,16
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	828,19
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	1 656,38
4.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	472,71
<b>5.</b>	<b>Жылыту үшін төлем</b>		
5.1.	Қазан	айына тенге/м²	48,88
5.2.	Қараша	айына тенге/м²	225,67
5.3.	Желтоқсан	айына тенге/м²	306,88
5.4.	Қаңтар	айына тенге/м²	339,12
5.5.	Ақпан	айына тенге/м²	285,71
5.6.	Наурыз	айына тенге/м²	229,17
5.7.	Сәуір	айына тенге/м²	11,06

Ескертпе: Қосылған құн салығының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен қолданылады.

**Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері**

(ККС-сыз)			
№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	2026 ж. 01.05.
<b>I</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>
<b>I</b>	<b>Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем</b>		
<b>1.</b>	<b>Ашық жүйесі</b>		
1.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/адам	1 729,53
1.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	823,58
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	988,30
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	1 976,60
1.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	502,14
<b>2.</b>	<b>Жабық жүйесі</b>		
2.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/адам	1 509,72
2.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	718,91
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	862,70
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	1 725,39
2.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	512,10
<b>II</b>	<b>Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем</b>		
<b>3.</b>	<b>Ашық жүйесі</b>		
3.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/ адам	1 427,58
3.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	679,80
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	815,76
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	1 631,52
3.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	462,75
<b>4</b>	<b>Жабық жүйесі</b>		
4.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және көрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Тенге/ адам	1 207,78
4.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Тенге/адам	575,13
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Тенге/адам	690,16
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Тенге/адам	1 380,32
4.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Тенге/м³	393,93
<b>5.</b>	<b>Жылыту үшін төлем</b>		
5.1.	Қазан	айына тенге/м²	40,73
5.2.	Қараша	айына тенге/м²	188,06
5.3.	Желтоқсан	айына тенге/м²	255,74
5.4.	Қаңтар	айына тенге/м²	282,60
5.5.	Ақпан	айына тенге/м²	238,09
5.6.	Наурыз	айына тенге/м²	190,98
5.7.	Сәуір	айына тенге/м²	9,22

Ескертпе: Қосылған құн салығының мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленетін тәртіппен қолданылады.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

## ТАРАТУ

2. «Эталон меха Павлодар» ЖШС (БСН 190840023533) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Камзина көшесі, 67/1 құрылыс.

3. «Madi-Pharm» ЖШС (БСН 230940020925) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Шұғыла шағынауданы 25-үй, 13-пәтер.

5. «Саона» ЖШС (БСН 180140034002) (ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 75-үй, 60-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, 66А мекенжайы бойынша қабылданады. Тел. +7 702 686 10 81.

6. «TE Logistics» ЖШС (БСН 220440006236) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 13-үй, КСБ 30. Тел. 8 778 342 33 79.

7. «TE Саппорт» ЖШС (БСН 220640004811) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 8-үй, 2509-пәтер. Тел. 8 701 204 89 21.

11. «Кредитное товарищество «Табыс-Несие» ЖШС (БСН 140340002262) (заңды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Бірқұлаков көшесі, 73 А үй) «2021 жылғы 15 қаңтардағы Қызылорда облысы МАЭС-нің шешімін орындау мақсатында өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда қаласы, Еңбек бау-бақша серіктестігі, 100-үй, тел. +7 701 212 21 03.

12. Заң газетінің 2025 жылғы 21 қарашадағы № 88 (3816) санында 28 нөмірімен жарияланған хабарландыру мынадай мәтінмен бірге: «ТОО «DOMOSCO» (БСН 240340007274) (мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152/1-үй, индекс 050026) өзінің таратылатынын хабарлайды. Қатысушылардың жалпы жиналысының хаттамасы №8, 2025 жылғы 18 қараша. Талап-арыздар жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152/1-үй, индекс 050026. Тел. 8 775 580 90 96, жарамсыз деп есептелсін.

13. «EREN LOGISTICS LTD» ЖШС (БСН 240740033098) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Таутүл-2 ықшамауданы, 14-корпус, 5-кабинет.

14. «Лига Қостанай» ЖШС (БСН 100440000566) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 68-үй, ВП1.

15. «Алмерден Ерназаров атындағы мектеп» ЖШС (БСН 240240000987) (Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-1 ықшамауданы, 1592А бөлімше) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қайнар ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 5-үй, тел. 8 701 782 22 12.

## ӘРТҮРЛІ

8. «ВизаМед Плюс» ЖШС (БСН 040240000608) «ЖанаМедТех» ЖШС-нің (БСН 090740011115) «ВизаМед Плюс» ЖШС-не қосылуына байланысты қайта ұйымдастыру рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42-үй, корпус 15/109, 400-бөлме. Тел. +7 777 212 54 63.

9. «ЖанаМедТех» ЖШС (БСН 090740011115) «ВизаМед Плюс» ЖШС-не (БСН 040240000608) қосылу жолымен «ЖанаМедТех» ЖШС-нің қайта ұйымдастыру рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42-үй, корпус 15, блок 108, 406-кеңсе мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады. Тел. +7 701 221 29 63.

10. «BELIMO Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 031040004981) жарғылық капиталын 1 000 000 (бір миллион) теңгеге дейін азайтатын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Түріксіб ауданы, Жангелдин көшесі, 341А үй. Тел. +7 727 234 91 48.

16. «MEDINA21» ЖШС (БСН 210540032831) өзіне «Прогресс Строй ЛТД 2050» ЖШС-ін (БСН 110840000398) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Шугаев түйік көшесі, 9-үй. Тел. +7 778 269 65 64.

17. «Brave AI» ЖШС (БСН 250840005426) өзінің жарғылық капиталы 100 000 (жүз мың) теңгеге төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Г.Құрманғалиев көшесі, 7-үй.

**ОҢ ҚАДАМ**



**ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ӨСІМ БАР**

Статистика басқармасы 2026 жылғы қаңтар-наурыздағы Алматы қаласының өлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын жариялады. Алғашқы тоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі өсіп, былтырғы көпкөрсеткішпен салыстырғанда 31,1 пайызға жоғарылаған.

Соның ішінде салалық көрсеткіштерге тоқталатын болсақ, биыл 36,1 пайыздық ең жоғары өндіріс көлемі өңдеу өнеркәсібінде тіркеліп отыр. Ол сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызметтер 15,3 пайыз болды. Ал электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда 1,5 пайызды құрады.

Еліміздегі ең ірі мегаполистегі жолаушы мен жүк айналымының өсімі де жоғары. Атап айтқанда көліктің барлық түрлерінің жүк айналымы коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлер орындаған жүк айналымын бағалау есебімен 14706,8 млн т/км құрады. Яғни, 2025 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда өсім 95,6 пайыз.

Өнеркәсіп өсімі сөз болған кезде экономиканың негізгі қозғаушы бағыты болып отырған құрылыс саласын айналып өту мүмкін емес. Алматыда биыл құрылыс жұмыстары мен қызметтерінің көлемі 140813,9 млн теңгені құрады. Бұл былтырғымен салыстырғанда 122,7 пайызға жоғары. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы алаңы 754,2 мың шаршы метр, өсім 7,2 пайызды құрайды. Оның ішінде көпкөрсеткіш тұрғын үйлердің үлесі 8,8 пайыз өсімді көрсетіп отыр. Ал пайдалануға берілген жеке тұрғын үйлердің жалпы алаңы 66 мың шаршы метр болды.

Өндірістің іркіліссіз дамуын инвестициясын көзге елесту қиын. Алматы бұл көрсеткіш жағынан әлі қамшы салдырар емес. Мысалы, алғашқы тоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 373699,6 млн теңгені құрады. Яғни, мұндағы өсім 102,3 пайыз болып отыр. Алматыда тіркелген заңды тұлғалар саны 1 сәуірдегі жағдай бойынша 160026 бірлікті құрап, биыл заңды тұлғалардың 4,7 пайызға көбейгенін көрсетіп отыр. Оның ішінде қызметкерлерінің саны 100-ге жетпейді – 158 273. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындар саны биыл алғашқы тоқсанда 150 745 бірлікті құрағанын байқауға болады. Яғни, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олар 5,2 пайызға көп.

Биыл азық-түлік тауарларының бағасы 3,1 пайызға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 2 пайызға, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтердің бағасы 2,5% өскен. Сондай-ақ 2025 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2026 жылғы наурызда өндіріші кәсіпорындардың өнеркәсіп өнімдерінің бағалары 2,6 пайызға қымбаттаған.

Осы арада жұмыссыздық туралы

да айта кеткен артық болмас. 1 сәуірдегі мәлімет бойынша жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендер саны қалада 33 164 адамды құрады. Бұл жұмыс күші санына шаққанда 2,8 пайызды құрап отыр. Яғни, Алматыда жұмыссыздық мәселесі өзекті тақырып емес.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, наурыз айының басында Алматыда 39 елдің бірлескен меншік нысанымен жұмыс істеп тұрған 3168 заңды тұлға болды. Оның 364-і экономиканың өңдеу өнеркәсібінде жұмыс жасайды. Олардың арасында көршілес елдерден Ресеймен – 79, Қытаймен – 58, Қырғызстанмен – 9, Өзбекстанмен – 8, Иранмен – 3 бірлескен кәсіпорын бар. Өзге шет мемлекеттер арасында Түркиядан – 25, Нидерландыдан – 15, Германия мен Италиядан жеті-жетіден, Беларусь, БАӘ, Өзбекстанмен, Кореямен бес-бестен, Ұлыбритания, Сингапур, Үндістанмен төрт-төрттен, Грузия, Канада, Польша, Украинамен үш-үштен бірлескен өндіріс орны жұмыс жасауда.

Егер екі айда қаладағы өңдеу өнеркәсібінің көлемі 350860875 млн теңгені құрағанын ескерсек, оның ішінде бірлескен кәсіпорындардың үлесі аз емес. Өңдеу өнеркәсібінде қаланың 8 ауданының арасында Алатау ауданының үлесі басым. Басқа аудандар одан айтарлықтай артта тұр.

Алматыда экономиканың түрлі салалары бойынша жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны былтыр 436 864-ті құрады. Оның 23056-сы өңдеу өнеркәсібінде болды. Яғни, өңдеу өнеркәсібі экономиканың түрлі салалары арасында алтыншы орында тұр. Алғашқы бестікке: көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу; құрылыс; білім беру; кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет; жылжымайтын мүлікпен операциялар саласы енді.

Осы арада өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаларға кеңірек тоқтала кеткен жөн шығар. Олардың саны 2020–2025 жылдары тұрақты түрде өсіп, 16 862-ден 23056-ға дейін жетті. Мұндай оң өзгеріс экономиканың барлық саласында бірдей байқалған жоқ. Егер қаладағы экономика салалары бойынша тіркелген заңды тұлғалардың жалпы санына көз жүгіртсе болсақ, былтыр ол 549 669-ды құраған. Оның 28 387-сі өңдеу өнеркәсібінің үлесіне тиді. Соның нәтижесінде өңдеу өнеркәсібіндегі заңды тұлғалар экономиканың өзге салалары арасында бесінші орын алды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

**ЖОБА**

**ШАҒЫН ПАРКТЕР ЖОБАСЫ СӘТТІ ЖАЛҒАСУДА**

Алматыда қаланың инвестициялық тартымдылығын арттырып, өндірістік инфрақұрылымын дамытып, Ақкәсіпкерлікті қолдауға бағытталған Шағын өнеркәсіптік парктер жобасы сәтті жалғасуда. Алматы индустриалды аймағында бұл жолы жалпы аумағы 22,2 мың шаршы метр болатын 5 шағын парк іске қосылды. Инвестиция көлемі 2,33 млрд теңгені құрайтын бұл нысандарда жиырмадан астам шағын және орта бизнес субъектісі орналастырылып, олар 400-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Индустриалдық аймақтағы шағын өнеркәсіптік парктер жобаларын жүзеге асыруды Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы үйлестіреді. Оның мәліметі бойынша, жоба аясында биыл пайдалануға берілген нысандар: «Nur-ai market №1», «Капстройгрупп-Т», «Промпарк», «Artime», «AL Gaz». Егер олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ «Nur-ai market №1» өнеркәсіп паркіндегі инвестиция көлемі – 500 млн теңге. Бағыты – құрылыс индустриясы. Жиһаз өндірісіне бағытталған «Капстройгрупп-Т» паркіндегі инвестиция көлемі – 600 млн теңге. Жеңіл өнеркәсіп бағытындағы «Промпарк» паркіндегі инвестиция – 530 млн теңге.

Жалпы, Алматы индустриалды аймағы Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін дамуының стратегиялық жоспары мен Қазақстан Республикасының 2010–2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Алатау аумағында құрылған болатын. Ол жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында құрылған және Алматы қаласында өнеркәсіптің басым бағыттарын дамытуға арналған. Яғни, машина жасау, металл өңдеу, тамақ, жеңіл өнеркәсібі, фармацевтика, химия өнеркәсіптері және құрылыс материалдарын өндіру. Индустриалдық аймақта сонымен қатар, қаланың тұрғын аудандарынан өнеркәсіп кәсіпорындарының орын ауыстыруына, технологиялық, инновациялық өнім

шығаруға, импортты алмастыруға бағытталған инвестициялық жобаларға артықшылық көрсетіледі.

685 гектар аумақты алып жатқан Алматы индустриалдық аймағында 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз еткен 118 жоба жүзеге асырылуда. Оларға тартылған жеке инвестицияның көлемі – 558 млрд теңге. Осы арада жобалардың 44-і 2016–2024 жылдары жүзеге асырылғанын айта кеткен жөн шығар.

Қазіргі таңда мұнда Алматы индустриалдық аймағын дамытудың екінші кезеңі жүріп жатыр. Алдағы уақытта оның аумағы тағы 393 гектарға ұлғаймақ. Өйткені оның толуы 90 пайыздан асып отыр. Себебі телімдердің 80 пайызға жуығы қазіргі өзінде инвесторлар жобаларының резервінде тұр. Қала әкімінің орынбасары Олжас Смағұловтың сөзіне қарағанда, Алматы индустриалдық аймағына бөлінген жердің әр гектары кемінде 3 млрд теңге инвестиция әкеледі. Ондағы басымдық – қосымша құны қосылған жоғары технологиялық өндіріс болып отыр. Алматы индустриалдық аймағын дамытудың 3-кезеңін жүзеге асыру үшін 2026–2028 жылдары оның аумағын 393 гектарға ұлғайту үшін жер телімдерін сатып алу және дайындау жұмыстары жүзеге асырылатын болады.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

**АКЦИЯ**

**ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ ТАЗАЛЫҚ САҚТАУДАН БАСТАЛАДЫ**

Алматы облысы – тамаша табиғатымен, жаңа жайлы ауасымен, туризмге лайық жерінің көптігімен ерекшеленетін аймақ. Өңір халқы жақында «Жасыл болашақ» және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциялары аясында өткен ауқымды сенбілікке белсене қатысты.



Дәл осы күні туған жерді қоқыстан тазартып, көгалдандыру шарасына облыстың 47 мыңнан астам тұрғыны білек түре кіріскен болатын. Мұндай белсенділік тұрғындардың экологиялық акцияға бей-жай қарамайтынын, аймақты көгалдандыру, қоқыстан тазарту жұмыстарына ұдайы көңіл бөлетінін аңағарта керек. Өз қалауымен айналадағы қоқыстарды жинап, қаптарды жол жиегіне тізіп кететін еріктілердің әрекеті де туған жерге деген құрметтен хабар береді. Мұндай үрдісті аймақ халқының экологиялық, құқықтық мәдениетінің орнығып, жақсы істің жаршысы болудың үлгісі ретінде бағалағанымыз абзал.

Алматы облысының әр аудан, ауылдарында 25 сәуір күні өткен экологиялық шара барысында өңір бойынша 762 гектардан астам аумақ тазартылып, 2307 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Сонымен қатар, 21 мыңнан астам көшет отырғызылды. Жалпы облыстық

акцияда қолданылған техника саны да көп.

Ауқымды акция Қонаев қаласында ерекше форматта өтіп, жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Осылайша Бердібек Соқпақбаев атындағы орталық саябақта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен телекөпір өтіп, оның аясында 100 түп ағаш егілді.

Шараға қоғам белсенділері, жастар ұйымдары, еріктілер, кәсіпкерлер мен қала тұрғындары қатысты. Облыс әкімдігінің мәліметінше, мұндай акциялар тұрғындардың қоршаған ортаға жауапкершілігін арттырып, тазалық мәдениетін нығайтуға ықпал етіп келеді.

Айта кетейік, Президент бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Алматы облысында жүйелі жұмыстар жалғасуда. Биыл 28 ақпан мен 23 сәуір аралығында өңірде 697 іс-шара ұйымдастырылып, оған 344 мыңнан астам адам қамтылған. Осы кезеңде 59

мыңнан астам ағаш отырғызылып, 1979 тонна қоқыс шығарылған.

2026–2030 жылдарға арналған жоспарға сәйкес, Алматы облысында жыл сайын шамамен 220 мың түп ағаш отырғызу көзделген. Бүгінгі экологиялық акциялар мемлекеттік бастамалардың нақты нәтижесін көрсетіп қана қоймай, қоғамның ортақ іске жұмыла алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Өзіміз бел ортасында жүрген Алматы облысы, Кеген ауданы Жылысай ауылындағы тазалық акциясына да

тұрғындар тайлы-тұяғы қалмай түгел жиналды. Ауыл әкімі Руслан Мәсеновтың бастамасымен бұл күні көшедегі ағаштардың түптері әктеліп, айналадағы қоқыстар тазаланды. Ауыл ақсақалдары жастарға үлгі көрсетіп, акцияның алдында жүрді. Қариялар ауыл ішіндегі көшелер бойына жеміс ағаштарын егіп, ауыл шетіндегі жол жиегіне күтімді көп қажет етпейтін тал-теректерді отырғызды. «Бүгін ақсақалдар екен ағаштардың жемісін ертең жас ұрпақ көреді. Акцияға қатысып, қариялардың табиғатқа, туған жерге деген жанашырлығын өз көзімен көрген ұрпақтың теріс әрекет жасамайтыны анық. Осы жақсы іс алдағы уақытта да жалғаса берсін! Ауылымыз жасал желекке бөленіп, тазалықтың бесігіне айналғай», – деген ауыл ақсақалы Болат Таубалдиев жастарға батасын берді.

**Т.ИШАЕВА,**  
«Заң газеті»

**ЗАҢ газеті**

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**  
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**  
Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Батыс Қазақстан облысы Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**  
050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz  
**E-mail: zanreklama@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6405 дана**  
**Апталық таралым 12810 дана**  
Тапсырыс №961 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**  
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.  
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.  
Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31